

Бекітемін
«Музыкалық колледж – дарынды
балаларға арналған музыкалық
мектеп-интернат» кешені» ММ басшысы
_____ С.К. Сыздықов
« ____ » _____ 20 ____ ж.

МУЗЫКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖДІҢ ЖАСТАР КОМИТЕТІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕСІ (МК-ЖК)

I. Жалпы ережелер.

1.1. «Музыкалық колледж – дарынды балаларға арналған музыкалық мектеп-интернат» кешені» ММ музыкалық колледжінің Жастар комитеті (бұдан әрі «МК-ЖК» деп аталады) «Музыкалық колледж – дарынды балаларға арналған музыкалық мектеп-интернат» кешені» ММ тәрбие жұмысы бөлімінің құрылымдық бөлімшесі болып табылады (бұдан әрі «Кешен» ММ деп аталады).

1.2. МК-ЖК өз қызметінде Кешен ММ Жарғысын, Кешен ММ басшылығы шығаратын нормативтік құжаттарды және осы Ережені басшылыққа алады.

1.3. МК-ЖК туралы ережені Кешен ММ басшысы бекітеді.

II. Кеңестің мақсаттары.

2.1. МК-ЖК студенттердің өзін-өзі басқарудың қуатты, белсенді құрылымын құру мақсатында құрылды, ол студенттердің лайықты өкілі, әділ қорғаушы және Кешен ММ студенттерінің құқықтарын жүзеге асырушы болуы керек.

III. Кеңестің міндеттері.

3.1. МК-МК негізгі міндеттері:

- Кешен ММ-нің студенттік өмір саласына жастарды белсенді тартуға ықпал ететін қажетті жағдайлар жасауға жәрдемдесу;
- Кешен ММ студенттеріне қатысты нормативтік құжаттарды әзірлеуге, қабылдауға, іске асыруға қатысу;
- Кешен ММ басшылығын студенттік өмір салаларының даму жағдайы туралы хабардар ету;
- Студенттік өмірдің барлық салаларында құқық бұзушылықтардың алдын алу және жағдайды тұрақтандыру бойынша жұмысты жүзеге асыру;
- Жаңа шығармашылық ұжымдарды құруға және бар шығармашылық ұжымдарды нығайтуға көмек көрсету;
- Кешен ММ студенттерінің мүдделерін қозғайтын іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі қызмет;
- Кешен ММ студенттеріне кеңес беру қызметтерін көрсету;
- Бірінші курс студенттерімен жұмыс жасау.

IV. Кеңестің функциялары.

4.1. МК-ЖК міндеттеріне сәйкес келесі функцияларды орындайды:

- Студенттік өмірдің барлық салаларын үйлестіру бойынша шараларды әзірлейді, қабылдайды және іске асырады;
- Кешен ММ басшылығының қарауына студенттерді белсенді концерттік және қоғамдық жұмысы үшін көтермелеу туралы ұсынымдар шығарады;
- Кешен ММ басшылығына өз құзыреті шегінде ұсынымдар береді;
- Жатақханадағы жұмыс, онда тұратын студенттердің бос уақыты мен демалысын ұйымдастыруды қамтиды;
- Баяндалған міндеттерге сәйкес өзге де функцияларды орындауды жүзеге асырады.

V. Кеңестің функцияларын қамтамасыз ету.

5.1. Функцияларды жүзеге асыру үшін МК-ЖК басшылығының құқығы бар:

- МК-МК жүктелген функцияларды орындау үшін Кешен ММ құрылымдарында қажетті ақпараттық құжаттар мен талдамалық материалдарды сұрату және алу;
- Студенттік ұжымдарды, жекелеген студенттерді жұмысқа тарту.
- Алынатын шағымдар мен өтініштерді қарау, оларды шешу бойынша шаралар қабылдау;
- Келіп түскен ақпаратты зерттеу және талдау.

VI. Кеңестің басшылығы және ұйымдық құрылымы.

5.1. Кешен ММ Жарғысын және осы Ережені мойындайтын кез келген студент МК-ЖК мүшесі бола алады.

5.2. МК-ЖК мүшесі студенттердің жалпы жиналысында ұсынылған кандидатуралардың ішінен дауыс беру арқылы таңдалады.

5.3. МК-ЖК мүшесінің лауазымдағы жұмыс мерзімі Кешен ММ-де оқуды аяқтағаннан кейін аяқталады.

5.4. МК-ЖК мүшесінің Кешен ММ кеңесі мүшелерінің жиналысы қызметінен босатуға құқығы бар.

5.5. МК-ЖК қызметіне басшылықты кеңес төрағасы жүзеге асырады.

5.6. МК-ЖК төрағасын МК-ЖК жалпы жиналысы, басшының ТІ жөніндегі орынбасары қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

5.7. МК-ЖК құрамына колледж студенттері кіреді. Қажет болған жағдайда МК-ЖК шешімі бойынша оның құрамына өзгерістер енгізілуі мүмкін.

5.8. Отырыс семестрде екі рет өткізіледі. МК-ЖК мүшесінің отырысқа қатысуы міндетті.

5.9. МК-ЖК шешімдері отырысқа қатысушылардың қарапайым көпшілігімен қабылданады. МК-ЖК шешімдеріне МК-ЖК төрағасы қол қояды. Қабылданған шешіммен келіспеген жағдайда МК-ЖК мүшесі кейіннен оны отырыстың хаттамасына міндетті түрде қоса отырып, өз пікірін жазбаша түрде білдіруге құқылы.

5.10. МК-ЖК мүшесі осы Ереженің нұсқамаларын орындамағаны үшін МК-ЖК құрамынан шығарылуы мүмкін.